

ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Коммуникациядағы жасырын
қиындықтар





Дәрістің мақсаты: оқырман тіл мен мәдениеттің табиғатын ашудағы салыстырудың рөліне, тілдің қолданысын нормативті тұрғыдан сипаттайтын лексика-фразеологиялық шектеулерге, түрлі мәдениеттердегі қабылдау ерекшеліктерінен туындайтын қиындықтарға назар аударады.

Дәрістің басты терминдері: меңгерілетін тіл, баламасыз лексика, жартылай баламалы лексика.

- Меңгерілетін тіл – үйренетін шетел тілі;
- Баламасыз лексика – бір тілден екінші тілге аударылмайтын, екінші тілде балама бола алатын сөз, ұғым, атау жоқ лексика;
- Жартылай баламалы лексика – бір тілден екінші тілге аударылғанда толық сәйкес келмейтін лексика.

1. Тіл мен мәдениеттің табиғатын ашуда салыстырудың рөлі

Тіл аралық, мәдениетаралық коммуникация мәселелерінің барлық түйткілдері шет тілдерін ана тілімен, өзге мәдениетті төл мәдениетпен салыстырғанда ғана айқындалып, нақтылана түседі. «Сондықтан екі тілді екі ұлттың өкілі жүргізу керек», – дейді Тер-Минасова. Вильгельм фон Гумбольдт: «Тілдердің әртүрлілігі арқылы алдымызда әлемнің танып білуге болатын сан түрлі байлығы ашылады; тілдер ойлау мен қабылдаудың түрлі тәсілдерін нақты әрі дәл беретіндіктен адам болмысы да ашыла түседі». Сондықтан шет тілде жаңа сөз үйренсеңіз, оның ана тіліңіздегі баламасын білсеңіз, қолдануға асықпаңыз. Себебі әр сөз белгілі бір ұғымды, ұғым затты немесе шынайы өмір құбылысын, яғни бөгде, бөтен өмірді білдіретінін ұмытпаңыз. Қолдану сөзіне мән беріп қараңызшы: дәл сөйлесу процесі кезінде, яғни сөйлесім әрекетінің белсенді дағдылары (айтылым, жазылым) жүзеге асқанда мәдени кедергі, мәдени компонент, меңгерілетін тіл әлемі туралы мәдени аялық білімнің болуы мәселелерінің өзектілігі артады. Үйреншікті, әлдекім құрастырған мәтіннен сөз мағынасын анықтап, білумен шектелмей, сол мәтінді өзің құрастыру үшін сөз мағыналарын біліп қана қою жеткіліксіз, әр сөздің астарында не жатыр, зат-ұғым туралы, тіл шынайы қарым-қатынас құралы ретінде қолданылатын әлемдегі оның орны мен қызметі туралы білу аса қажет.

2. Коммуникацияның ішкі қиындықтары

Шет тілді өз тіліңмен, төл мәдениетпен салыстырып, оқыту керек. Өз ана тілін шет тілі ретінде оқытатын және оқушысының ана тілін білмейтін тіл өкілдері жасырын қасиеттерді де, жасырын қиындықтарды да көрмейді. Міне, шет тілін оқытатын шетелдік оқытушылардың шет тілін оқытатын сол тіл өкілінен басымдығы осында. Студентінің ана тілін білмейтін, шетелдік оқытушы мәдениеттер айырмашылығын көре алмайды.

Түрлі ұлттық мәдени ерекшеліктер қалай да бір сөздің түрлі стилистикалық коннотациясының туындауына алып келеді. Орыс тілінде «зелёные глаза» тіркесі сиқырлы күшке ие, су перісінің көздері туралы ой салатын әрі романтикалық, әрі поэтикалық сипатты иеленеді. Ағылшын тіліндегі green eyes бірлігі метафоралық тұрғыдан «қызғаныш» ұғымын таңбалайды және соған орай жағымсыз коннотация алады.

Ағылшын халқының мәдениетінде қара мысық – «сәттіліктің, күтпеген жерден бақытқа кенелудің» белгісі ретінде танылады, тіпті орыс халқының таңданысын тудырған нәрсе – «Good Luck» деген жазуы бар ашықхаттың сыртында дәл осы қара мысықтың бейнеленуі болатын.

Баламасыз не жартылай баламалы лексикаға қарағанда шет тілін үйретуде баламалы лексиканы оқыту үлкен қиындық туғызады. Белгілі бір ұғымның сол тілдегі баламасы тіл үйренушінің шатасуына алып келуі мүмкін. Өйткені оның тарапынан қолданылған балама сөздің сөйлеу тіліндегі функционалды қолданысы, лексико-фразеологиялық тіркесі және лингвостилистикалық коннотациясы ескерілмейді. Шет тіліндегі сөз – мәдениеттер тоғысы.



Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Қазақ тілі мен өзіңіз білетін шет тілінің арасындағы бір-біріне аударуға келмейтін 3 сөзді табыңыз, не себептен аударылмайтынын пайымдап көріңіз.
2. «Баламасыз не жартылай баламалы лексикаға қарағанда шет тілін үйретуде баламалы лексиканы оқыту үлкен қиындық туғызады» дегенге өз тілдік тәжірибеңізден мысал келтіре отырып, пікір білдіріңіз.
3. Кешігу қазақтарда әдет пе, міндет пе, сипат па? Жолдасыңызбен пікір алмасыңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Шет тіліндегі коммуникацияны күрделендіретін қандай мәселелер бар?
2. Өз ана тілін шет тілі ретінде оқытатын және оқушысының ана тілін білмейтін тіл өкілдері не себептен жасырын қиындықтарды көрмейді?
3. Лексикалық тіркесімділікке не себептен ұлттық сипат тән?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Оналбаева А.Т., Невербальное общение: социальный и национально-культурный контекст. Монография. – Алматы, 2010.
2. Күдеринаева Қ., Қазақ тіл білімі деңгейлерін оқытудағы ескерілмей жүрген бір мәселе // ЖОО-да оқыту үдерісін білім беру бағдарламаларын жаңартылған мазмұн негізінде ұйымдастыру. Семинар жинағы. – А., 2016. – 148 б.
3. Карлинский А.Е., Взаимодействие языков: билингвизм и языковые контакты. – А., 2011. – 264 с.
4. Почепцов Г.Г., Теория коммуникации – М., 2001. – 651 с.
5. Казарцева О.М., Культура речевого общения. – М., 2003. – 496с.
6. В. фон Гумбольдт, Тіл мен мәдениет философиясы. – М., 1985. – 349 бет.